БП	MKB 4201	Мал көбеюі биотехнологиясы	
<b>8 СЕМЕСТР – 30 академиялық кредит</b>			
<i><b>Жоғары оқу орны компоненті –31 кр.</b></i>			
КП	ZhIZhEA 4304	Жануарлардың ішкі жұқпалы емес аурулары	5
КП	ZhH 4302	Жалпы хирургия	5
КП	IIA 4307	Індеттану және инфекциялық аурулар	6
КП	PIB 4305	Паразитология және инвазиялық аурулар	5
КП	VIU 4308	Ветеринариялық істі ұйымдастыру	5
КП	OP 4303	Өндірістік практика 2	5

Пәннің коды мен атауы Code and name of the discipline	<b>VR 4201 Ветеринариялық рентгенология</b> <b>VR 4201 Veterinary radiology</b>
Пәннің ПОҚ	Қазиев Ж.І., Оспанғали Д.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104 – Ветеринария
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	5
Пәннің пререквизиттері	Жануарлар мен құс анатомиясы. Жануарлар физиологиясы
Пәннің постреквизиттері	13 модуль Ветеринарияның қолданбалы аспектілері
Пәнді оқу мақсаты	жануарлар ауруларының дифференциалды диагностикасы үшін рентгенологиялық диагностикалауда заманауи әдістерді меңгеру және биофизика, биохими жетістіктерін қолдану; сүйектердің, буындардың, кеуде және іш қуысының мүшелерінің қалыпты рентгеноанатомиясын, сондай – ақ тірек – қимыл аппаратының патологияларын, өкпе және асқазан-ішек жолдарының ауруларын рентгенологиялық зерттеу әдістерін зерттеу; студенттерді рентгенограммаларды оқуға үйрету.
Пән мазмұны	Рентген сәулесінің жануар денесі арқылы өткенде ағза көлеңкелерінің пайда болу негіздерін түсіну, осы сәулелердің табиғаты мен қасиеттерін білу және оларды жасанды қолдан алудың әдісі, ветеринариялық рентгенодиагностикада қолданатын құрылғыларды және рентген сәулесінің ағзаларға тигізетін зиянды әсерін, одан сақтану жолдарын меңгеру. Рентгенограмманың сапасын, ондағы зерттелген ағзаны анықтау, сонымен бірге диагностикалық әдістемені игеру.
Пәннің құзіреттілігі	<b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b> <b>біледі:</b> жануарлар ауруларын диагностикалауда биофизика мен биохимия жетістіктерін қолдана отырып рентгенологиялық зерттеулердің заманауи тәсілдерін <b>түсінеді:</b> сүйектің, буынның, көкірек және құрсақ қуысы ағзаларының қалыпты рентгенанатомиясын, сонымен қатар тірек-қимыл аппаратының, өкпе мен ас қорыту ағза ауруларындағы патологиялық өзгерістерін рентгенологиялық әдіспен зерттеуге; <b>қолдана алады:</b> рентгенограммадағы көріністегі жануарлардың түрлі ауруларын дифференциалды балауды оқыту; бауыр мен өт қапшығы, ұйқы безі мен көк бауыр ауруларын балауды; <b>құзыретті:</b> ветеринариялық рентгенология диагностикада теориялық және тәжірибелік білімдерді іске асыруға.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<b>Негізгі:</b>

	<p>1. Казиев, Ж.И. Ветеринарный рентгенодиагностический атлас [Текст] / Ж.И. Казиев.- Алматы:Альманахъ, 2021.- 296 с.- (Посвящ. "90-летию КазНАУ").</p> <p>2. Казиев, Ж.И. Ветеринарный рентгенодиагностический атлас [Текст] / Ж.И. Казиев.- Алматы: Альманахъ, 2021.- 296 с.- (Посвящ. "90-летию КазНАУ").</p> <p>3. Ветеринарная рентгенология [Текст]: учеб. пособие / И.А.Никулин, С.П.Ковалев, В.И.Максимов, Ю.А.Шумилин.- СПб.-М.-Краснодар: Лань, 2019.- 208 с.</p> <p>4. Niemiec, B.A. Practical veterinary dental radiography [Текст] / B.A. Niemiec, J. Gawor, V. Jekl.- Boca Raton; London; New York: Taylor &amp; Francis Group, 2018.- 368 p.</p> <p>5. Қазиев, Ж.І. Ветеринариялық рентгенология [Мәтін]: оқулық / Ж.І. Қазиев.- Алматы: Альманах, 2016.- 303 б.</p> <p>6. Казиев Ж.И., Рентгенологическое исследование с применением контрастных средств в ветеринарии. Монография. Изд. «Мастерпринт», Алматы, 2013 г. 111 стр.</p> <p><b>Қосымша:</b></p> <p>7. Казиев Ж.И., Ветеринарная рентгенология. Учебное пособие, Изд. Мастерпринт, 2010, 168 стр.</p> <p>8. Казиев Ж.И., Методические указания для проведения лабораторно – практических занятия по «Рентгенологии» Изд. «Мастерпринт», Алматы, 2010 г.</p> <p>9. Казиев Ж.И., Метод рентгенографического исследования желчного пузыря у собак. Рекомендация. Изд. «Мастерпринт», Алматы, 2010</p>
--	---

<b>Пәннің коды мен атауы (Қазақша, ағылшынша)</b>	<b>МКВ 4201 Мал көбеюі биотехнологиясы BRA 4201 Biotechnology reproduction of animal</b>
Пәннің ПОҚ	Джуланов М.Н., Қойбағаров Қ.У.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104 - Ветеринария
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	8
Пәннің пререквизиттері	Ветеринариядағы акушерлік және гинекология
Пәннің постреквизиттері	12 модуль Ветеринариялық қауіпсіздік 13 модуль Ветеринарияның қолданбалы аспектілері
Пәнді оқу мақсаты	биологияны жетік меңгерген, малдарды қолдан ұрықтандыруды және эмбриондарды трансплантациялауды ұйымдастыруға және жүргізуге қабілетті жоғары білікті маманды дайындау
Пән мазмұны	Мал акушерлігінің және көбею биотехнологиясының қазіргі жағдайы және болашағы, ұрғашы және еркек малдың жыныс аппаратының физиологиясы, буаздық, туу және туғаннан кейінгі кезең физиологиясы мен патологиялары. Шәуеттің физиологиясы және биохимиясы, шәуетті алу және сапасын бағалау, сұйылту,

	сақтау және тасымалдау, қолдан ұрықтандыру, ұрықтану, эмбриондарды көшіріп-қондыру.
Пәннің құзіреттілігі	<p><b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b></p> <p><b>біледі:</b> ұрғашы және еркек малдың жыныстық аппаратының құрылымдық және физиологиялық ерекшеліктерін, ұрықтандырудың уақыты мен ретін, буаздық, туу және туғаннан кейінгі кезеңнің өтуін, бедеуліктің себептерін, қолдан ұрықтандыру және эмбрионды көшіріп-қондыру технологиясын;</p> <p><b>түсінеді:</b> шәуеттің сапасын анықтауды, малды қолдан ұрықтандыруды, эмбрионды көшіріп-қондыруды, буаздық пен бедеулікті анықтауды, акушерлік және гинекологиялық ауруларды дауалауды, акушерлік көмек көрсетуді, малды көбейту жөніндегі көптеген сұрақтарды өз бетімен шешуді және ұйымдастыруға;</p> <p><b>қолдана алады:</b> малды қолдан ұрықтандыру және эмбриондарды көшіріп қондыру техникасын, буаздықты анықтауды, тууға көмектесуді;</p> <p><b>құзыретті:</b> мал басын көбейту жұмыстарын жақсарту, қарқындату және бедеулікті жоюдың және оны болдырмау мәселелері жөнінде.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p><b>Негізгі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Джуланов, М.Н. Биотехнология размножения животных [Текст]: учебник / М.Н. Джуланов, К.У. Койбағаров, Н.М. Джуланова.- Алматы: Айтұмар, 2021.- 210 с.</li> <li>2. Жануарлар көбею биотехнологиясы [Мәтін]: оқулық / Б.Ә.Бұралхияев, Р.Қадыкен, Л.Қ.Бөпебаева, О.Қазыхан; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2020.- 140 б.</li> <li>3. Полянцев, Н.И. Акушерство, гинекология и биотехника размножения животных [Текст]: учебник / Н.И. Полянцев, Л.Б. Михайлова.- 4-е изд., стереотип.- СПб.-М.-Краснодар: Лань, 2020.- 448 с.</li> <li>4. Жануарлар көбеюі биотехнологиясы [Мәтін]: оқу құралы / М.Н.Жоланов, Е.С.Усенбеков, Қ.У.Койбағаров [ж.т.б.]; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 130 б.</li> <li>5. Авдеенко, В.С. Биотехника воспроизводства с основами акушерства животных [Текст]: учеб. пособие / В.С. Авдеенко, С.В. Федотов, Ж.О.Кемешов.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 124 с.</li> <li>6. Авдеенко, В.С. Биотехника воспроизводства с основами акушерства [Текст]: учебник / В.С. Авдеенко, С.В. Федотов.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 454 с.</li> <li>7. Дюльгер, Г.П. Акушерство, гинекология и биотехника размножения кошек [Текст]: учеб. пособие / Г.П. Дюльгер, Е.С. Седлецкая.- 2- е изд., испр. и доп.- СПб.- М.-Краснодар: Лань, 2018.- 168 с.</li> <li>8. Алиханов, О. Искусственное осеменение сельскохозяйственных животных [Текст]: учеб. пособие /</li> </ol>

	<p>О. Алиханов, Ш. Каратаев, Ж. Жусупбеков.- Алматы: Эверо, 2017.- 176 с.</p> <p>9. Полянцев, Н.И. Практикум по акушерству, гинекологии и биотехнике размножения животных [Текст]: учеб. пособие / Н.И. Полянцев.- СПб.: Лань, 2016.- 272 с.</p> <p>10. Аубакиров, Х.Ә. Ауыл шаруашылық биотехнологиясы [Мәтін]: оқулық / Х.Ә. Аубакиров.- Алматы: Эверо, 2015.- 581 б.</p> <p>11. Өтесінов, Ж.Ө. Сүтқоректілер көбею биотехнологиясы және эмбриоинженерия негіздері [Мәтін]: моногр. / Ж.Ө. Өтесінов, Г.А. Жамалова.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 208 б.</p> <p>12. Аубакиров, Х.Ә. Жануарлар биотехнологиясы [Мәтін]: оқулық / Х.Ә. Аубакиров, Н.Н. Әлібаев, М.Д. Кенжеходжаев; ҚР Білім және ғылым м-гі.- Алматы: Дәуір, 2014.- 504 б.</p> <p><b>Қосымша:</b></p> <p>13. Полянцев, Н.И. Акушерство, гинекология и биотехника размножения животных [Текст]: учебник / Н.И. Полянцев.- СПб.: Лань, 2012.- 400 с.</p> <p>14. М.Н. Джуланов, О.Т. Туребеков, Е.С. Усенбеков, К.У. Койбағаров, Р.М. Жумаханова. Практическое акушерство и гинекология «Айтұмар» 2012</p> <p>15. Тәжірибелік гинекология пәні бойынша әдістемелік нұсқау [Мәтін]: 051201-"Ветеринарная медицина" / М.Н.Жоланов, Қ.У.Қойбағаров, О.Т.Төребеков [ж.т.б]; ҚазҰАУ вет.мед. және биотехнология фак.; Акушерлік және хирургия каф.- Алматы: ҚазҰАУ, 2009.- 35 б.</p> <p>16. Джакупов, И.Т. Ранняя диагностика послеродовых патологии матки у коров [Текст]: моногр. / И.Т. Джакупов; МСХ РК; КазАТУ им. С.Сейфуллина. - Астана: КазАТУ им. С.Сейфуллина, 2017.- 94 с.</p>
--	--

<b>Пәннің коды мен атауы (Қазақша, ағылшынша)</b>	<b>ZhIZhA 4303 Жануарлардың ішкі жұқпалы емес аурулары</b> <b>IDA 4303 Internal diseases of animals</b>
Пәннің ПОҚ	Сиябеков С.Т., Мухаметкалиев А.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104-Ветеринария
Академиялық кредит	10
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	7, 8
Пәннің пререквизиттері	Фармакология. Жануарлардың клиникалық диагностикасы
Пәннің постреквизиттері	13 модуль Ветеринарияның қолданбалы аспектілері Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	студенттерді жануарлар ауруларын анықтау және емдеу үшін биофизика, биохимияға жету арқылы клиникалық, зертханалық, арнайы зерттеулердің заманауи әдістерін меңгеруге үйрету. Алынған

	деректерді қорыту және негіздеу, әсер етуші факторларға байланысты жануар организмінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін бағалау
Пән мазмұны	Ауру белгілерін анықтау және диагноз қою мақсатында жануарларды клиникалық-зертханалық зерттеудің қазіргі заманғы әдістері; ауру процесін тану әдіснамасы, заманауи ветеринарлық терапияның принциптері мен әдістері. Ішкі жұқпалы емес аурулар кезінде емдеу-алдын алу шараларын диагностикалау, әзірлеу және жүргізу. зертханалық биологиялық материалды зерттеу әдістері, терапевтік техника және физиопроцедураларды жіберу.
Пәннің құзіреттілігі	<p><b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b></p> <p><b>біледі:</b> клиникалық зерттеудің желісін; малды зерттеу кезінде оған жақындау мен ұстап-матау тәсілдерін; ауру малмен жұмыс істеу кезінде өзін сақтау ережелері мен жеке бас гигиенасы шараларын; клиникалық және зертханалық талдауға арналған материал алу жолдары ережесін.</p> <p><b>түсінеді:</b> жалпы, арнайы және зертханалық зерттеу әдістерін тиімді түрде қолдануды; малдан қан, несеп, нәжіс, қарын мен асқазан сөлін алуды және оларды қорытындылау үшін талдау жасауды; <b>қолдана алады:</b> клиникалық-зертханалық зерттеу негізінде жүйелер мен ағзалардың қалыпты және патологиялық жағдайының деңгейін анықтауды; диагнозды қою үшін анықталған симптомдар мен синдромдарды байланыстыруды.</p> <p><b>құзыретті:</b> аурулардың симптоматологиясын анықтауды; биологиялық материалды зерттеудің зертханалық әдістерін; импорттық және экспорттық тасымалдау кезінде ауруды жедел балау тәсілін.</p>
Қорытынды бақылау	емтихан
Мерзімі	2 академиялық кезең (30 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p><b>Негізгі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жубантаев, И.Н. Ветеринариялық терапия [Мәтін]: оқу құралы / И.Н. Жубантаев; Жәңгір хан атын. Батыс Қазақстан АТУ.- Алматы: Альманах, 2019.- 226</li> <li>2. Терапия негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Ж.І.Қазиев, Н.Наутиев, Д.Оспанғали, А.Мұхамедқалиев.- Алматы: Print-Master, 2019.- 116 б.</li> <li>3. Жубантаев, И.Н. Ветеринарная терапия [Текст]: учеб. пособие / И.Н. Жубантаев; МСХ РК; Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана.- Алматы: Альманах, 2019.- 243 с.</li> <li>4. Основы терапии [Текст]: учеб. пособие / Ж.И.Казиев, Н.Наутиев, Д.Оспанғали, А.Мухамедқалиев.- Алматы: Print-Master, 2019.- 103</li> <li>5. Уша, Б.В. Внутренние болезни животных [Текст]: учебник / Б.В. Уша; под ред. Б.В.Уша.- 2-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2018.- 311 с.</li> </ol>



6. Внутренние болезни животных [Текст]: учебник / Б.В.Уша, С.Э.Жавнис, И.Г.Серегин, Г.Г.Щербаков; под ред. Б.В.Уша.- 2-е изд.- М.: ИНФРА-М, 2018.- 311
7. Внутренние болезни животных [Текст]: учебник для вузов / под общ. ред. Г.Г.Щербакова, А.В.Яшина, А.П.Кудерко [и др.]; МСХ РФ.- 2-е изд., стереотип.- СПб.-М.-Краснодар: Лань, 2018.- 716 с.-
8. Жануарлар ішкі аурулары клиникалық балаумен [Мәтін]: 2-кітап: оқулық / А.У.Есқоджаев, У.К.Есқоджаев, А.Т.Қамбарбеков [ж.т.б.]; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; ҚазҰАУ.- 2-бас., стереотип.- Алматы: Альманахъ, 2016.- 471 б.
9. Физиотерапия фитология негіздерімен [Мәтін]: оқу құралы / А.У.Есқоджаев, У.К.Есқоджаев, А.Т.Қамбарбеков, Ж.У.Еспанов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; ҚазҰАУ.- Алматы: Альманахъ, 2016.- 118 б.
10. Есқоджаев, А.У. Внутренние болезни животных с клинической диагностикой [Текст]: книга-2: учеб. пособие / А.У. Есқоджаев, У.К. Есқоджаев, А.Т. Қамбарбеков; МОН РК; КазНАУ.- Алматы: Альманахъ, 2016.- 521 с.
11. Жануарлар ішкі аурулары [Мәтін]: 2-кітап: оқулық / Ө. Қ. Есожаев, М. А. Молдағұлов, К. Н. Қожанов [ж. т. б.]; ҚазҰАУ.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 362 б
12. Алиханов, О. Практикум по внутренним незаразным болезням сельскохозяйственных животных [Текст]: учеб. пособие / О. Алиханов, С. Тулеметова.- Алматы: Эверо, 2015.- 200 с.
- Қосымша:**
13. Сиябеков С.Т., Заманбеков Н.А., Казиев Ж.И., т.б.1. «Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы». Оқулық. Алматы, 2011ж. Бж Ғ министрлігінің грифімен.
14. М.А. Молдағұлов М.А., Ө.К.Есқожаев. Малдың жұқпалы емес ішкі аурулары, Алматы, 2009
15. М.А. Молдағұлов М.А., Ө.К.Есқожаев., Н.А. Заманбеков. «Жануарлар ішкі аурулар», Оқулық. Алматы, 2011 ж. Б ж Ғ министрлігінің грифімен.
16. И.Г. Шарабрин, В.А. Аликаес, Л.Г. Замаран, В.М. Данилевский. Внутренние незаразные болезни с/х животных. 6-е изд. Испр. И доп. М. Агропромиздат, 2015.-527ст.
17. Зайцев В.И., Синев А.В, Ионов И.С., Васильев А.В., Шарабрин И.Г. Клиническая диагностика внутренних болезней сельскохозяйственных животных. Учебник под редакцией - М.: Колос, 2004.
18. Смирнов А.М., Конопелько П.Я., Пушкарев Р.П., Постников В.С., Уразаев Н.А., Беляков И.М., Дугин Г.Л., Кондратьев В.С. Практикум по клинической диагностике внутренних незаразных болезней с/х животных. Учебное пособие под редакцией - М.: Колос, 2015.

	19.«Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы». Оқулық. Нур-Принт баспасы. Алматы, 2006 ж.
--	---

<b>Пәннің коды мен атауы</b> <b>Code and name of the discipline</b>	<b>PIB 4305 - Паразитология және инвазиялық аурулар</b> <b>PID 4305 Parasitology and invasive diseases</b>
Пәннің ПОҚ	Еспанов Ж.У., Тұрғанбаева Г.Е., Усманғалиева С.С.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104 – Ветеринария
Академиялық кредит	10
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	7-8
Пәннің пререквизиттері	Ветеринарлық микробиология және иммунология. Жануарлардың патологиялық анатомиясы
Пәннің постреквизиттері	Табиғи ошақты және антропозоозды инвазиялық аурулар/ Ветеринариядағы зерттеу қауіпсіздігі мен биотехнологияның шарттары/ Импортталатын жануарлар мен тауарлардың биологиялық қауіпсіздігі Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	студенттерге жануарлардың инвазиялық аурулары және олардың қоздырғыштары –паразиттердің құрылысы, биологиясы және жеке аурулардың патогенезі, клиникалық белгілері, диагностикасы туралы және олардың шығу себептері, олармен күресудің жолдары жөнінде теориялық және практикалық білім беру.
Пән мазмұны	<p>Паразитологияға кіріспе. Паразитизм туралы түсінік. Паразитология ғылымының қысқаша даму тарихы. Паразитологияның биологиялық негіздері, паразитизмнің қалыптасуы. Паразиттерді жіктеу негіздері. Организмдердің табиғаттағы қарым – қатынастық типтері. Паразитоценоздар және ассоциативтік инвазиялар. Инвазиялық аурулар туралы ілім.</p> <p>Сыртқы ортаның гельминтоздар мен қарапайымдылардың қоздырушыларына тигізетін әсері. Ветеринариялық гельминтологияның мазмұны мен анықтамасы. Жануарлар гельминттерінің жіктелуінің негізі. Трематодтар, цестодтар, нематодтар және акантоцефалдардың морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері. Гельминтоздарға диагностикалық зерттеу жүргізу үшін қолданылатын әдістемелердің ерекшеліктері. Гельминтоздарды малдың тірі кезінде және өлгеннен кейін диагностикалау әдістері. Жайылымдардың гельминтологиялық жағдайын зерттеу. Антигельминттер және оларға қойылатын талаптар. Дегельминтизация және олардың түрлері.</p> <p>Энтомология. Жәндіктердің морфологиясы, биологиясы және жіктелу негіздері.</p>

	<p>Жәндіктер - энтомоздардың қоздырушылары және әртүрлі инвазиялық, індетті аурулардың тасымалдаушылары. Бөгелектер қоздыратын аурулардың қысқаша мінездемесі және жіктелуі. Бөгелек балаңқұрттары тудыратын ауруларға қарсы емдік-профилактикалық шаралар.</p> <p>Арахноздардың жіктелуі. Паразитиформды кенелер және олармен күресудің пәрменді шаралары. Паразитиформды кенелер – уақытша эктопаразиттер және инвазиялық, індетті аурулардың тасымалдаушылары. Иксодид және аргазид кенелердің морфологиясы, биологиясы, жіктелу негіздері және таралуы, оларға қарсы күресу шаралары. Акариформды кенелер және олар қоздыратын аурулар. Саркоптоидоздар.</p> <p>Протозоологияға кіріспе. Протозоологияның даму сатылары. Паразит қарапайымдылардың морфологиялық және биологиялық негіздері. Паразит қарапайымдылардың жіктелуі. Паразит қарапайымдылардың өз иелерімен қарым – қатынасы. Протозоидтық аурулардың эпизоотологиясы, патогенезі және иммунитеті. Мастигофороздар, пироплазмидоздары. Пироплазмидоздар. Тейлериидоздар. Жануарлар кокцидиоздары. Цилиофороздар. Прокариоттар және олар қоздыратын аурулар. Ірі қара және қой анаплазмозы. Протозооздарға қарсы емдік-сақтандыру шаралар. Протозооздарды малдың тірі кезінде және өлгеннен соң диагностикалаудың негізгі</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p><b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b></p> <p><b>біледі:</b> - сыртқы орта нысандарын инвазиялық аурулар қоздырушылардың бар-жоғына тексеру, паразитоздардың қоздырушыларының таралу факторлары мен жолдарын, олардың даму мерзімін, эпизоотикалық маусымды, құрт жұмыртқаларының, балаңқұрттарының, қарапайымдылар цисталарының таралуын және санитариялық паразитоценология негіздерін игере білуі тиіс;</p> <p><b>түсінеді:</b> паразитарлық аурулармен зақымдану деңгейін, паразитарлық жағдайды болжау әдістерін; инвазиялық ауруларға диагноз қою, оларға қарсы алдын алу шараларды ұйымдастыру әдістерін игере білуі тиіс; протозооз, гельминтоз және арахноэнтомоз ауруларға малдың тірі кезінде және сойылғаннан кейін диагноз қою әдістерін зерттеуге;</p> <p><b>қолдана алады:</b> жануарлардың инвазиялық ауруларына қарсы күресу шараларын ұйымдастыруға және жүргізуге; инвазия кезінде мәселені шешуге және паразиттерге қарсы жоспар құруға;</p> <p><b>құзіретті:</b> аралас инвазиялық ауруларды анықтауға және осы бағытта инвазиялық ауруларға қарсы күрес шараларының тактикасын ұйымдастыруға.</p>

Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p><b>Негізгі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ахметова, Г. Қазақстан жануарларының энтомоздары [Мәтін]: оқу құралы / Г. Ахметова, М. Бердіқұлов; ҚазҰАЗУ.- Алматы: Айтұмар, 2022.- 160 б.</li> <li>2. Ахметова, Г. Энтомозы животных Казахстана [Текст]: учеб. пособие / Г. Ахметова, М. Бердиқұлов; КазНАИУ.- Алматы: Айтұмар, 2022.- 160 с.</li> <li>3. Akhmetova, G. Entomosis of animals in Kazakhstan [Text]: tutorial / G. Akhmetova, M. Berdikulov; KazNAU.- Almaty: Aytumar, 2022.- 146 p.</li> <li>4. Практикалық паразитология [Мәтін]: ветеринария және биология маман. студ., магистранттары мен докторанттарына оқу құралы / Ж.М.Исимбеков, Қ.М.Аубакирова, Н.Л.Шапекова [ж.т.б.]; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эверо, 2020.- 296 б.</li> <li>5. Паразитология және инвазиялық аурулар: Арахноэнтомология бөлімі [Мәтін]: пәні бойынша 6В09104-"Ветеринария " білім беру бағдарламасы 5 курс студ. арн. оқу-әдістемелік нұсқау / Г.С.Шабдарбаева, Г.Е.Тұрғанбаева, Г.Д.Ахметова [ж.т.б.]; "ҚазҰАУ" КЕАҚ; "Ветеринария" фак.; "Биологиялық қауіпсіздік" каф.- Алматы: Басп. ж., 2020.- 38 б.</li> <li>6. РІА 4305-Паразитология және инвазиялық аурулар [Мәтін]: пәні бойынша 6В09104-"Ветеринария " білім беру бағдарламасы 4 курс студ. тәжірибелік сабақтарға арн. оқу-әдістемелік нұсқау / Г.С.Шабдарбаева, Г.Д.Ахметова, Г.Е.Тұрғанбаева [ж.т.б.]; "ҚазҰАУ" КЕАҚ; "Ветеринария" фак.; "Биологиялық қауіпсіздік" каф.- Алматы: Басп. ж., 2020.- 47 б.</li> <li>7. Учебно-методические указания "Гельминтология". Раздел "Цестодозы" [Текст]: лаб. занятия по дисциплине РІА 4305-"Паразитология и инвазионные болезни", образоват. программа 6В09104-"Ветеринарная медицина" для студ. 4 курса / Г.С.Шабдарбаева, Г.Д.Ахметова, Г.Е.Турганбаева [и др.]; НАО "КазНАУ"; Фак. "Ветеринария"; Каф. "Биологическая безопасность".- Алматы: Б.и., 2020.- 34 с.</li> <li>8. Учебно-методические указания "Гельминтология". Раздел "Нематодозы" [Текст]: лаб. занятия по дисциплине РІА 4305-"Паразитология и инвазионные болезни", образоват. программа 6В09104-"Ветеринарная медицина" для студ. 4 курса / Г.С.Шабдарбаева, Г.Д.Ахметова, Г.Е.Турганбаева [и др.]; НАО "КазНАУ"; Фак. "Ветеринария"; Каф.</li> </ol>

- "Биологическая безопасность".- Алматы: Б.и., 2020.- 42 с.
9. Учебно-методические указания "Гельминтология" [Текст]: практ. занятия по дисциплине РІА 4305-"Паразитология и инвазионные болезни", образоват. программа 6В09104-"Ветеринарная медицина" для студ. 4 курса / Г.С.Шабдарбаева, Г.Д.Ахметова, Г.Е.Турганбаева [и др.]; НАО "КазНАУ"; Фак. "Ветеринария"; Каф. "Биологическая безопасность".- Алматы: Б.и., 2020.- 41 с.
10. Учебно-методические указания "Гельминтология". Раздел "Трематодозы" [Текст]: лаб. занятия по дисциплине РІА 4305-"Паразитология и инвазионные болезни", образоват. программа 6В09104-"Ветеринарная медицина" для студ. 4 курса / Г.С.Шабдарбаева, Г.Д.Ахметова, Г.Е.Турганбаева [и др.]; НАО "КазНАУ"; Фак. "Ветеринария"; Каф. "Биологическая безопасность".- Алматы: Б.и., 2020.- 32 с
11. Паразитология негіздері [Мәтін]: моногр. / А.М.Абдыбекова, А.А.Султанов, А.С.Донченко [и др.].- Алматы: ҚазҒЗВИ, 2019.- 512 б.
12. Паразитология и паразитарные болезни сельскохозяйственных животных [Текст]: учебник / Н.Е.Косминков, Б.К.Лайпанов, В.Н.Домацкий, В.В.Белименко; под ред. Н.Е.Косминкова.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 467 с.
- Қосымша:**
13. Кереев, Я.М. Гельминты, гельминтозы собак и кошек [Текст]: учеб. пособие / Я.М. Кереев, Ж.Е. Кенжеғалиев; МСХ РК; Зап.-Казахст. АТУ им. Жангир хана.- Алматы: Альманах, 2019.- 120 с.
14. Ветеринариялық санитариялық паразитология [Мәтін]: 2-том. Зертханалық сабақтар: оқу құралы / Г.С.Шабдарбаева, С.С.Усманғалиева, Г.Д.Ахметова [ж.т.б.].- Алматы: Нур-Принт, 2019.- 152 б.
- Ветеринариялық санитариялық паразитология [Мәтін]: 3-том. Тәжірибелік сабақтар: оқу құралы / Г.С.Шабдарбаева, С.С.Усманғалиева, Г.Д.Ахметова [ж.т.б.].- Алматы: Нур-Принт, 2019.- 100 б.
16. Кереев, Я.М. Паразитология и инвазионные болезни животных [Текст]: учебник / Я.М. Кереев, М.Ш. Шалменов, З.С. Айтпаева; Ассоциация вузов РК.- Алматы: Ассоциация вузов РК, 2014.- 496 с.
17. Сабаншиев, М.С. Ветеринариялық паразитология практикумы [Мәтін]: оқу құралы / М.С. Сабаншиев; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- Алматы: ҚазҰАУ, 2013.- 232 б.

	<p>18. Новак, М.Д. Паразитарные болезни животных [Текст]: учеб. пособие / М.Д. Новак, С.В. Енгашев.- М.: РИОР; ИНФРА-М, 2013.- 192 с</p> <p>Veterinary sanitary parasitology [Текст]: 6B09102-training manual for the subject in the specialty Veterinary sanitation / G.S.Shabdarbayeva, S.S.Usmanaliyeva, D.Asylhanov; KazNAU.- Almaty: KazNAU, 2020.- 123 p.</p> <p>19. Шабдарбаева Г.С., Ахметова Г.Д., Турганбаева Г.Е., Балгимбаева А.И. Практическое обучение по паразитологии (учебное пособие по арахноэнтомологии). Алматы, 2012</p> <p>20. Шабдарбаева Г.С., Абдыбекова А.М., Шапиева Ж.Ж. Антропозоозы и меры их профилактики в Республике Казахстан//Монография. Алматы, «S-Принт», 2012, 104 с.</p> <p>5.Шабдарбаева Г.С. Асылханов Д.У. и др.. Гельминттердің жіктелуі. Классификация гельминтозов. Systematization of Helminthosis. Учебное пособие//на каз/рус/англ. языках. Алматы, 2013 АО Казспецпредприятие», 32 с.</p> <p>21. Абдыбекова А.М., Шабдарбаева Г.С., Шапиева Ж.Ж., Зулкарнаева Э.К. Атлас зоонозных инвазий, официально регистрируемых в Республике Казахстан. //Алматы, изд-во «S-Принт», 2012.</p> <p>22. Шабдарбаева Г.С. Кровепаразитарные болезни животных (эпизоотология, диагностика) // Монография. Алматы, «S-Принт», 2012, 272 с.</p>
--	---

<b>Пәннің коды мен атауы (Қазақша, ағылшынша)</b>	<b>ПА 4307 Индеттану және инфекциялық аурулар EID 4307 Epizootology and infectious diseases</b>
Пәннің ПОҚ	Ильгекбаева Г.Д., Отарбаев Б.К., Алиев А.К., Мусоев А.М., Батанова Ж.М.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6B09104 -Ветеринария
Академиялық кредит	12
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	8-9
Пәннің пререквизиттері	6 модуль Жануарлар ауруларын диагностикалау негіздері
Пәннің постреквизиттері	13 модуль Ветеринарияның қолданбалы аспектілері Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	студенттерге жануарлардың жұқпалы ауруларының шығу және таралу заңдылықтары, олармен күресу әдістері мен жабдықтары туралы білім беру.
Пән мазмұны	Индеттану ғылым және оны зерттеу әдістері туралы ұғымды қалыптастырады. Инфекциялар мен жұқпалы ауруларды, иммундық жүйені, сондай-ақ эпизоотиялық процесті және оның қозғаушы күштерін зерттейді. Эпизоотияға қарсы іс-шараларды және сауықтыру іс-шараларын қоса алғанда, жануарларды жұқпалы ауруларға қарсы иммундауды

	ұйымдастырудың практикалық дағдыларын қалыптастырады.
Пәннің құзіреттілігі	<p><b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b></p> <p><b>біледі:</b> аурудың анықтамасын, таралу географиясын, зерттеу және эволюция тарихын, этиологиясын, індеттік ерекшеліктерін, дерттенуін, клиникалық және патоморфологиялық өзгерістерін, бірнеше түлікке ортақ, күйістілердің, жылқының, шошқаның, төлдің, құстың, етқоректілердің, ара және балықтың инфекциялық ауруларын балауды, дауалауды және сауықтыру шараларын</p> <p><b>түсінеді:</b> індеттанулық зерттеудің мәнін және оған акт толтыруды, инфекциялық ауруларды нозологиялық және індеттанулық балаудың маңызын, індетке қарсы шаралардың жоспарын құруды</p> <p><b>қолдана алады:</b> індеттанулық талдау және оған акт толтыруды; инфекциялық ауруларға нозологиялық және індеттанулық балау қоюды, індетке қарсы шаралардың жоспарын құруды</p> <p><b>күзретгі:</b> індеттанудың мазмұны мен әдістерін, инфекция және инфекциялық аурулардың табиғатын; індет процесінің мәні мен даму заңдылықтарын; індет ошағы және инфекциялық аурулардың табиғи ошақтылығы; инфекциялық аурулардың аталуы мен жіктелуін; инфекциялық ауруларды дауалау және сауықтыру шараларының жүйесін білуге</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p><b>Негізгі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Максимович, В.В. Руководство по общей эпизоотологии [Текст]: учебник / В.В. Максимович, А.Р. Сансызбай, А.П. Курдеко.- Алматы: Айтұмар, 2020.- 244 с.</li> <li>2. Инфекционные болезни свиней [Текст]: моногр. / В.В.Максимович, А.П.Курдеко, А.Р.Сансызбай, А.Абуталип, Н.Т.Сандыбаев.- Алматы: Айтұмар, 2020.- 370 с.</li> <li>3. Диагностика вирусных инфекций [Текст]: учеб. пособие / МОН РК; НАО КазНАУ.- Алматы: Б.и., 2020.- 142 с.</li> <li>4. Лабораторная диагностика инфекционных болезней [Текст]: учеб. пособие / Р.Г.Госманов, Р.Х.Равилов, А.К.Галиуллин и др.- 2-е изд., стереотип.- СПб.-М.-Краснодар: Лань, 2020.- 196 с</li> <li>5. Иванов, Н.П. Эпизоотология с основами ветеринарной микробиологии [Текст]: учеб. пособие / Н.П. Иванов, Г.Г. Абсатиров, А.Н. Кожаев.- Алматы: Эверо, 2017.- 380 с.</li> <li>6. Омарбекова, У.Ж. Эпизоотология с микробиологией [Текст]: Т.2.: практикум / У.Ж. Омарбекова; МСХ РК; КазНАУ.- Алматы: PRINTMASTER, 2016.- 290 с.</li> </ol>

	<p>7. Сайдулдин Т. Жануарлардың жұқпалы және аса қауіпті аурулары. Оқулық, 4-басылымы // Алматы: ҚазҰАУ, “Айтұмар” баспасы, 2015. – 578 бет.</p> <p>8. Қасымов, Е.И. Индеттану және инфекциялық аурулармен күрес шаралары [Мәтін]: оқулық / Е.И. Қасымов.- Алматы: "Полиграфия-сервис и К", 2014.- 270 б.</p> <p>9. Өнімді жануарлардың инфекциялық аурулары [Мәтін]: пәнінен тәжірибелік сабақтарға 5В120100-Ветеринария маман. студ. арн. әдістемелік нұсқаулар / құраст. Т.Сайдулдин, Г.Д.Ілгекбаева, Б.К.Отарбаев [ж.т.б.]; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 43 б.</p> <p>10. Өнімді жануарлардың инфекциялық аурулары [Мәтін]: пәнінен зертханалық сабақтарға 5В120100-Ветеринария маман. студ. арн. әдістемелік нұсқаулар / құраст. Т.Сайдулдин, Г.Д.Ілгекбаева, Б.К.Отарбаев [ж.т.б.]; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 47 б.</p> <p>11. Методические указания по дисциплине "Инфекционные болезни продуктивных животных" [Текст]: для студ. спец. 5В120100-Ветеринарная медицина / сост. Т.Сайдулдин, Н.П.Иванов, Г.Д.Ильгекбаева; НАО КазНАУ.- Алматы: Айтұмар, 2019.- 74 с.</p> <p>12. "Индеттану және инфекциялық аурулар" пәнінен практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар [Мәтін]: 5В120100-"Ветеринария " маман. студ. арн. / құраст. Т.Сайдулдин, Н.Ф.Асанов, Е.И.Қасымов [ж.т.б.]; ҚазҰАУ.- Алматы: Айтұмар, 2018.- 67 б.</p> <p><b>Қосымша:</b></p> <p>13. Сайдулдин Т. «Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары». - Алматы, 2009.</p> <p>14. Иванов Н.П. Диагностика инфекционных болезней животных. - Алматы, 2009.</p> <p>15. Қасымов Е.И. Индеттану және инфекциялық аурулармен күрес шаралары. – Алматы, 2009.</p> <p>16. Ілгекбаева Г.Д. Бұзаудың жұқпалы аурулары, 2009.</p> <p>17. Ветеринариялық заңдылықтар. 1,2,3-том. Астана, 2004.</p>
--	--

<b>Модульдің коды мен атауы</b>	<b>ОН 4301 Оперативтік хирургия</b> <b>ОН 4301 Operative surgery</b>
Пәннің ПОҚ	Махмұтов А.Қ., Орынханов Қ.А., Омарбекова Г.Қ., Акимжан Н.А.
Пән циклі	КП
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104- Ветеринария
Академиялық кредит	5
Оқу формасы	Күндізгі
Семестр	7



Пәннің пререквизиттері	Жануарлар мен құстың анатомиясы. Жануарлар физиологиясы. Фармакология
Пәннің постреквизиттері	Жалпы хирургия. Жеке хирургия. Паразитология және инвазиялық аурулар. Индеттану және инфекциялық аурулар
Пәнді оқу мақсаты	түрлі манипуляциялар мен ауырсынуды басу, десмургияны және әр түрлі операциялар мен манипуляцияларды орындау техникасын жүргізу және ветеринарияда инновациялық әдістерді меңгеру.
Пән мазмұны	Хирургиялық ота және орындау техникасы жөніндегі түсінік. Хирургиялық инфекцияның алдын алу. Асептика и антисептика түсінігі. Жалпы жансыздандыру. Премедикация. Жергілікті жансыздандыру. Ұлпаларды ажырату және біріктіру. Қан ағысты тоқтату. Десмургия. Пластикалық операциялардың элементтері. Бас, мойын және кеуде аумағына жасалатын операциялар. Құрсақ аумағына жасалатын операциялар. Несеп жыныс ағзаларының топографиялық анатомиясы мен жасалатын операциялары. Жануарларды пішу. Аяқтарға жасалатын операциялар.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді игергеннен кейін бакалавр:</p> <p><b>біледі:</b> топографиялық анатомияны, жануарларды бекемдеу және жансыздандыру әдістерін, десмургияны және әр түрлі операциялар мен манипуляцияларды орындау техникасын, сонымен бірге экономикалық, косметикалық және қалпына келтіру операцияларын жасау әдістерін.</p> <p><b>түсінеді:</b> экономикалық және қауіпсіздік техникасын сақтауға бағытталған (декорнуация, каудотомия, жануарларды пішу) жаппай жүргізілетін операцияларды ұйымдастыруға; жануарлардың өмірі мен өнімділігін сақтап қалуға бағытталған операциялар мен манипуляцияларды іске асыруды;</p> <p><b>қолдана алады:</b> жануарларды бекемдеудің, жансыздандырудың, қан тоқтатудың, ұлпаларды ажырату және біріктірудің түрлі әдістерін және операциядан кейінгі кезеңде жүргізілетін шараларды.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Оқу кезеңі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Омарбекова У.Ж. Ветеринария негіздері// Оқулық: үшінші басылым. – Алматы, 2013. – 338 б.</li> <li>2. Мүрәлінов К.Қ. Оперативтік хирургия. (оқулық) – Алматы, ҚазҰАУ, 2014. – 252 б.</li> <li>3. Муралинов К.Қ., Махмутов А.Қ. Ветеринарлық хирургия, ортопедия және офтальмология: оқу құралы. Алматы, Нур-Принт, - 2015. -224 б.</li> <li>4. <a href="http://repository.kazatu.kz/jspui/handle/123456789/451">http://repository.kazatu.kz/jspui/handle/123456789/451</a></li> <li>5. Молдағұлов М.А., Есқожаев Ө.К., Заманбеков Н.А. Жануарлар ішкі аурулары. Оқулық. – Алматы, Альманах. 2017. – 386 б.</li> </ol>

	<p>6. Ильясов Б.К., Ильясов А.Б. Ветеринариялық хирургия том-1: оқулық, Алматы – Шымкент: «Erniyaz» media group, 2017. – 401 б.</p> <p>7. Жубантаев И.Н. Ветеринарлық терапия: оқу құралы. Алматы, Альманахъ, 2019. -226 б.</p> <p>8. Наметов А.М., Сидихов Б.М, Есенгалиев К.Г., Мурзашев Т.К. Үй жануарлары анатомиясы (остеология, артрология, миология, дерматология): оқулық. I бөлім. – Алматы: Эпиграф, 2023. – 256 б.</p> <p>9. Наметов А.М., Сидихов Б.М, Мурзашев Т.К., Есенгалиев К.Г. Үй жануарлары анатомиясы (спланхнология – ішкі мүшелер жүйесі): оқулық. II бөлім. – Алматы: Эпиграф, 2023. – 196 б.</p>
--	---

<b>Модульдің коды мен атауы</b>	<b>ZhH 4302 «Жалпы хирургия»</b>
Пәннің ПОҚ	Орынханов Қ.А., Махмутов А.Қ., Омарбекова Г.К.
Пән циклі	ЖООК / КП
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6B09104- Ветеринария
Академиялық кредит	5
Оқу формасы	күндізгі
Семестр	8
Пәннің пререквизиттері	Жануарлар мен құс анатомиясы, Оперативтік хирургия, Жануарлар физиологиясы, Ветеринариялық микробиология және иммунология, Ветеринариялық акушерлік және гинекология
Пәннің постреквизиттері	Жеке хирургия, Индеттану және инфекциялық аурулар, Паразитология және инвазиялық аурулар
Пәнді оқу мақсаты	Жалпы хирургия пәнінің мақсаты болып, студентті теориялық біліммен және тәжірибелік дағдымен қамтамасыз ету, сонымен қатар жануардың өнімділігі мен сапалық сипатын арттыру үшін жүргізілетін хирургиялық көмек кезіндегі клиникалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.
Пән мазмұны	Жарақат және жарақатанулар. Организмнің жарақатқа қарсы беретін жауабы. Хирургиялық инфекциялар. Ашық механикалық жарақаттар. Жабық механикалық жарақаттар. Тері аурулары. Бұлшық ет, бурса, сіңір және байлам аурулары. Буын аурулары. Сүйек аурулары. Қан және лимфа тамырларының аурулары. Жүйке жүйесінің аурулары. Бас аумағының аурулары. Мойын аумағының аурулары. Кеуде және шоқтық аурулары. құрсақ және бел аумағының аурулары. Жамбас және шат аумағының аурулары. Андрология. Сүт безінің хирургиялық аурулары. Аяқ аурулары.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді игергеннен кейін бакалавр білуі тиіс: - жануар мүшелері ұлпаларының топографиялық анатомиясын малдың түріне және жас ерекшелігіне қарай сипаттама;

	<p>- кез келген жануарда кездесетін хирургиялық патологияларды (күйік, үсік, жарақат, қабыну үрдістері, т.б) анықтап, емдей алу</p> <p>- хирургиялық патологияның, теориялық негізін, хирургиялық аурулардың алдын алуын және емдеу қағидаларын игеру;</p> <p><u>Түсінуі керек:</u></p> <p>- хирургиялық операцияның жүргізуін ұйымдастыра білуі;</p> <p>- хирургиялық патологиялар кезіндегі себептерін анықтай білуі және диагноз қоя білуі және емдік алдын алудың шараларын ұйымдастыра білуі;</p> <p>- хирургиялық патологияларды, ауруларды анықтауға бағытталған жануарлар диспансеризациясын жүргізе білуі;</p> <p><u>Қолдана білуі керек:</u></p> <p>- хирургиялық патологиялар бар жануарларға көмек көрсету үшін жаппай операция жүргізу кезіндегі тәжірибені қолдануы;</p> <p>- хирургиялық патологияға ұшыраған жануарлардың аман алып қалу үшін зерттеудің, емдеудің және алдын алудың хирургиялық әдістерін қолдануы тиіс.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Оқу кезеңі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мүрәлінов К.Қ. Оперативтік хирургия. (оқулық) – Алматы, ҚазҰАУ, 2014. – 252 б.</li> <li>3. Муралинов К.Қ., Махмутов А.Қ. Ветеринарлық хирургия, ортопедия және офтальмология: оқу құралы. Алматы, Нур-Принт, - 2015. -224 б.</li> <li>4. Ильясов Б.К., Ильясов А.Б. Ветеринариялық хирургия том-1: оқулық, Алматы – Шымкент: «Erniyaz» media group, 2017. – 401 б.</li> <li>5. Наметов А.М., Сидихов Б.М, Есенғалиев К.Г., Мурзашев Т.К. Үй жануарлары анатомиясы (остеология, артрология, миология, дерматология): оқулық. I бөлім. – Алматы: Эпиграф, 2023. – 256 б.</li> <li>6. Жаңабеков К., Жаңабекова Г.К. Жануарлар морфологиясы және латын терминологиясы: оқулық. – Алматы: ЖШС «Сөздік-Словарь», 2005. – 600 б.</li> <li>7. Ильясов Б.К., Ильясов А.Б. Ветеринариялық хирургия: оқулық, Шымкент: «Нұрдана-LTD» баспасы, 2012. – 640 б.</li> <li>8. Петраков К.А., Саленко П.Т., Панинский С.А. Оперативная хирургия с топографической анатомией животных.М. «Колос» 2004, с.423.</li> <li>9. Тимофеев С.В., Филиппов Ю.И., Концевая С.Ю. Общая хирургия животных. Зоомедлит 2007, с.687.</li> <li>10. Шакалов К.И., Башкиров Б.А., Поваженко И.Е. и др. Частная ветеринарная хирургия. 3-е изд. Л. «Агропромиздат», 1986, с.478.</li> </ol>

	11. Полли М. Тейлор и др., Травматология собак и кошек.// М., «Аквариум», 2003. 221 с.
--	--

<b>Пәннің коды мен атауы (Қазақша, ағылшынша)</b>	<b>VR 4309 Ветеринариялық радиобиология VR 4309 Veterinary radiobiology</b>
Пәннің ПОҚ	Бабалиев С.У.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104- Ветеринария
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	7
Пәннің пререквизиттері	2 модуль Жануарлар ағзасының құрылысы мен қызмет етуі 4 модуль Ветеринарияның биологиялық аспектілері
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	мал шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарының радиациялық қауіпсіздігі және оның халықты қауіпсіз тамақ өнімдерімен қамтамасыз етудегі маңызы.
Пән мазмұны	<p>Пәннің мақсаты мен міндеттері, оның мазмұны, ветеринарлық ғылым мен практиканы дамыту үшін маңызы. Ядролық физика элементтері, элементарлық бөлшектердің сипаттамасы. Радиоактивтілік құбылысы. Радиоэкология. Иондаушы сәулелердің заттармен өзара әрсерлесуі. Радиометрия және дозиметрия. Ветқадағалау нысандарының радиометриялық және радиохимиялық сараптамасы. Жануарлардың радиациялық патологиясының негізгі аспектілері. Ветсан-радиациялық зақымдану кезінде жануарларды, құстарды сою өнімдерін сараптау. Азық-түліктерді, жемшөп пен суды дезактивациялау. Радиоактивті заттармен жұмыс істеу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік негіздері.</p> <p>Ауыл шаруашылық тізбегі бойынша (топырақ, өсімдік, мал өнімдері) радиоизотоптардың көшуі. Радионуклидтердің мал өніміне өтуі. Радионуклиді мол жерлерде мал шаруашылығын ұйымдастыру. Радионуклидтермен ластанған жем-шөп, мал және мал шаруашылығы өнімдерін пайдалану жолдары. Радионуклидтермен ластанған мал өнімдерін өндеудің технологиялық әдістері.</p> <p>Радиоактивті заттармен ластанған ет және ет өнімдерін залалсыздандырудың әдістері мен тәсілдері. Өсімдік өнімдерін залалсыздандырудың әдістері мен тәсілдері.</p> <p>Ветеринариялық радиометриялық сараптаудың міндеттері, оны орындау кезеңдері. Сынама алу, оны жөнелту және дайындау тәртібі. Сынаманы байыту әдісі. Мал денесін радиометриялық өлшеу, ірі малдың бұлшық етінде радионуклидтердің ықтимал шоғырлануын анықтау. Ауыл шаруашылық өнімдерінде гамма-сәулесін бөлетін нуклидтердің меншікті және көлемдік активтілігін жедел тәсілмен анықтау. Радиометриялық бақылау деректеріне баға беру. Ашық су қоймасын, жем-</p>

	шөпті, топырақты, өсімдік және мал өнімдерін радиометриялық сараптау және құжаттарды толтыру. Мал дәрігерлік радиохимиялық сараптаудың мақсаты мен міндеті.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</p> <p>біледі: радиометриялық және дозиметриялық аспаптарды; малдың сәулелену дозасын анықтау мен мал азығы мен өнімдерінің радиоактивтілігін анықтау әдістерін; радиоактивті туыстастықтарды, топырақ - өсімдіктер-жануарлар-мал шаруашылығы өнімдері жүйесіндегі радиоактивті заттардың қоныс аудару сипатын;</p> <p>түсінеді: радиоактивті заттардың токсикологиясын; сүтқоректілердің, құстардың, балықтардың, қосмекенділердің ағзасына радиациялық сәулеленудің әсер ету механизмін;- жануарлардың сәулелік зақымдануын;- мал азығы мен өнімдерін дезактивациялау және пайдалану тәртібін.</p> <p>қолдана алады: азық-түліктен сынамалар іріктеп алуды және дозиметриялық және радиометриялық зерттеулер жүргізуді; төтенше жағдайлар кезінде жануарлар мен құстарға далалық сою және ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізуді;</p> <p>құзыретті: ветеринарлық радиобиология және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер мәселелерінде. ТЖ жағдайында жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты консервілеу әдістерінде.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p><b>Негізгі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Чиркова, Л.В. Радиациялық қауіпсіздік негізі пәні бойынша есептер [Мәтін]: оқу құралы / Л.В. Чиркова, Қ.Т. Ермағанбетов.- Алматы: Эверо, 2020.- 136 б.</li> <li>2. Чиркова, Л.В. Радиациялық қауіпсіздік негізі пәні бойынша есептер [Мәтін]: оқу құралы / Л.В. Чиркова, Қ.Т. Ермағанбетов.- Алматы: ССК, 2019.- 136 б.</li> <li>3. Степанов, В.Г. Ветеринарная радиобиология [Текст]: учеб. пособие / В.Г. Степанов.- СПб.-М.-Краснодар: Лань, 2018.- 352 с.</li> <li>4. Радиобиология [Текст]: учебник / Н.П.Лысенко, В.В.Пак, Л.В.Рогожина, З.Г.Кусурова; под ред. Н.П.Лысенко, В.В.Пак.- 3-е изд., стереотип.- СПб.: Лань, 2016.- 576 с.</li> <li>5. Сахариянов, А.Ж. Ветеринариялық қадағалау нысандарын радиациялық сараптау [Мәтін]: оқу құралы / А.Ж. Сахариянов, А.Ә. Жұмагелдиев; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Альманах, 2016.- 322 б.</li> <li>6. Есенаманова, М.С. Радиациялық экология негіздері [Мәтін]: оқу құралы / М.С. Есенаманова.- Алматы: Эверо, 2015.- 148 б.</li> <li>7. Жұмагелдиев, А.А. Сынаманың радиоактивтілігін сараптау және толтырылатын алғашқы құжаттар [Мәтін]:</li> </ol>

	<p>Ветеринариялық радиобиология пәнінен зертханалық сабақтар жүргізу үшін 5В120100-"Ветеринария " және 5В120200-"Ветеринариялық санитария" маман. арн. оқу-әдістемелік нұсқау / А.А. Жұмагелдиев, А.Ж. Сахариянов.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 42 б</p> <p>8. Жұмагелдиев, А.А. Ветеринариялық қадағалау нысандарын радиациялық сараптау (сынама алу және дайындау) [Мәтін]: Ветеринариялық радиобиология пәнінен зертханалық сабақтар жүргізу үшін 5В120100-"Ветеринария " және 5В120200-"Ветеринариялық санитария" маман. арн. оқу-әдістемелік нұсқау / А.А. Жұмагелдиев, А.Ж. Сахариянов.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 35 б.</p> <p>7. Радиациялық гигиена [Мәтін]: оқу құралы / Ү.И. Кенесариев [ж.б.]- Алматы: Эверо, 2014.- 188 б</p> <p>8. Жаханов, А. Радиациялық экология [Мәтін]: оқулық / А. Жаханов.- Алматы: Эверо, 2014.- 126 б.</p> <p>9. Экспертиза радиоактивности проб и первичная документация [Текст]: учебно-методическое пособие / Казахский национальный аграрный университет.- Алматы: Айтұмар, 2014.- 42 с.</p> <p>10. Сахариянов, А.Ж. Ветеринарная радиобиология: учеб. пособие / А.Ж. Сахариянов, Д.Ж. Шалхарова; МОН РК; КазНАУ.- Алматы: Нур-Принт, 2013.- 218 с.</p> <p><b>Қосымша:</b></p> <p>11. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация [Текст]: в 3-х т. т. 2: Частная ветеринарно-санитарная экспертиза продуктов животноводства: учеб. пособие / КазНАУ; под ред. Н. Ф. Шуклина;.- Алматы: КазНАУ, 2011.- 412 с.</p> <p>12. Қазиев, Ж.І. Ветеринариялық рентгенология [Мәтін]: оқу құралы / Ж.І. Қазиев.- Алматы: Нур-Принт, 2008.- 146 б.</p> <p>13. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация [Текст]: в 3-х т. т. 1: Общая экспертиза, стандартизация и сертификация продуктов с основами технологии и гигиены производства, консервирования и хранения: учеб. пособие / КазНАУ; под ред. Н. Ф. Шуклина;.- Алматы: КазНАУ, 2008.- 426 с.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы (Қазақша, ағылшынша)	<b>VIU 4308 Ветеринариялық істі ұйымдастыру</b> <b>OVB 4308 Organization of veterinary business</b>
Пәннің ПОҚ	Ахметсадықов Н.Н., Хусаинов Д.М., Батанова ЖМ., Омарбекова У.Ж.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Специалитет
Білім беру бағдарламасы	6В09104 - Ветеринария
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі бөлім
Семестр/триместр	8

Пәннің пререквизиттері	9 модуль Жануарлардың жұқпалы емес патологиясы 10 модуль Жануарлардың жұқпалы патологиясы
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестаттау
Пәнді оқу мақсаты	ветеринариялық басқарудың ұйымдастырушылық формаларын, ветеринарлық мекемелердің құрылымын, ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастырудың және экономикалық тиімділікті, ветеринария мамандарын, мекемелер мен қызметтерді жоспарлау мен әдістерін оқытады.
Пән мазмұны	Пән жануарларды аурулардан қорғау, оларға тиімді емдік көмек көрсету, мал шаруашылығында сапалы ветеринариялық-санитариялық өнімдер шығару, сонымен қатар адамдардың денсаулығын сақтау, оларды жануарлармен ортақ аурулардан қорғау үшін мемлекеттік, экономикалық, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруда білімдер мен дағдылар береді. . Алынған білім жоспарлы және күнделікті жалпы профилактикалық, ветеринариялық, санитарлық, эпидемиологиялық және басқа шараларда жануарлар, жанауарлар тегінен алынатын өнімдер мен шикізаттарды өндіру, дайындау, тасымалдау, сақтау, сату, экспорттау, импорттау және тасымалдау кезінде қолданылады, яғни сау, өнімділігі жоғары мал табындары, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсарту, халықты жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін болады..
Пәннің күзiреттiлiгi	<b>Пәнді меңгергеннен кейін білімгер:</b> <b>біледі:</b> мал дәрігерлік қызметтің қалыптасу тарихын, ветеринариядағы заңнамалық регламенттеу негіздерін, мал дәрігерлік қызметтің құрылымын, мемлекеттік мал дәрігерлік мекемелер, халықаралық Мал дәрігерлік ұйымдар; <b>түсінеді:</b> ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау, ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру, ветеринариялық қадағалау жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін; <b>қолдана алады:</b> ветеринариялық жоспарлар мен есептерді жасау әдістемесін; ветеринариялық құжаттарды жасау әдістемесін. <b>құзыретті:</b> ветеринарлық іс-шараларда, ветеринарлық институттарда, шет елдердің ветеринарлық қызметтерінде.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
